Қорғаныстың қызметі құрылғының негізгі қызметі дистанционды өлшеу әдісімен қысқа тұйықталу жеріне дейінгі аралықты анықтау болып табылады. Бұл дистанционды өлшеу аспаптары көп жүйелі болып табылады әсіресе аралас көп фазалы зақымданулар үшін. Іске қосылудың әртүрлі әдістері құрылғыны тораптағы әртүрлі жағдайларға және пайдаланушылардың әр келкі сұранымдарына бейімдеуге мүмкіндік береді. Екіншілік тізбектерде ақау пайда болған жағдайда өлшенетін кернеу жоғалып кеткен кезде (мысалы сақтандырғыштың немесе кернеу трансформаторының қорғаныс автоматы істен шыққанда) құрылғы автоматты түрде сатылы максималды тоқ қорғанысының қызметін пайдаланып өлшенетін кернеу қалыпқа келгенше апаттық режимге ауыстырылады. Тоқтан тәуелсіз үш саты (IMZ) және тоқтан тәуелді (AMZ) бір саты бар ол үшін бірнеше іске қосылу сипаттамалары бар.

Жоғарыда айтылған қызметтерден басқа құрылғы басқа да қорғаныс қызметтерін іске асырады мысалы жерге қысқа тұйықталуды анықтау (нейтралы оқшауланған желілер үшін) жоғарғы және төменгі кернеуден көп сатылы қорғаныс күштік ажыратқыштың іске қосылмауынан қорғаныс қуат тербелуінің әсерінен қорғау және де асқын жүктемеден жылулық қорғаныс. Қысқа тұйықталудан кейін зақымдалу орнын тез анықтау үшін құрылғыға зақымдалу орның анықтағыш енгізілген ол жерде параллельді желілерден әсер ету өтемделуі мүмкін.

### 3.3.2 Құрылғыдағы қызмет етулер көлемі

Дистанциондық қорғаныстың SIPROTEC 7SA6 сандық микропроцессорлық құрылғысы келесі қызметтерді іске асырады:

*Дистанциондық қорғаныс:*

- нейтралы оқшауланған немесе жерге қосылған тораптарда қысқа тұйықталудың барлық түрінен қорғаныс;
- үлкен жүктемені ұзын желілерде қысқа тұйықталу режимінен жүктеменің режимді сенімді ажырату;
- аз жүктеменің режимде жоғарғы сезімталдық жүктеменің секіруі және қуат тербілістері кезінде қызмет етудің жоғарғы тұрақтылығы;

- іске қосылудың полигоналды сипаттамасы арқасында торап шарттарына оптималды бейімделуі;
- дистанционды сатылар үшін алты жүелі өлшеуіш аспаптары;
- таңдау бойынша «алдаға» «артқа» бағытталған немесе бағытталмаған алты дистанционды сатылар сатылардың біреуі аралық аумақ ретінде пайданауы мүмкін;
- дистанционды аумақтар үшін тоғыз уақыт ұстаным сатылар;
- зақымдалмаған фазалардың және алдыңғы режим кернеулерін пайдаланып бағытты анықтау мұның арқасында бағытты анықтау қызметінің шексіз динамикалық сезімталдығына және сыйымдылықты кернеу трансформаторларының өтпелі процессінен тәуелсіздігіне қол жеткізіледі;
- тоқ трансформаторлары қаныққан кездегі қызмет етудің тұрақтылығы;
- параллельді желілердің әсері өтемделуі мүмкін;
- командалардың қалыптасуының минималды уақыты - 17мсек ( $f=50\text{Гц}$  кезінде) немесе 15мсек ( $f=60\text{Гц}$  кезінде);
- әр фаза бойынша істен шығаруы мүмкін;
- қысқа тұйықталуға қосқан кезде ұстанымсыз істен шығаруды орындау мүмкін;

*Тербелістерді өңдеу (кедергі бойынша іске қосылу кезінде теңдеу бойынша):*

- $dz/dt$  көмегімен тербелісті анықтау жылдамдықты үш өлшеуіш жүйемен өлшеу;
- жиіліктің минималды ажыратылуымен 7 Гц-тен артық емес тербелісті анықтау;
- функция АПВ-ың бір фазалы циклы кезінде де белсенді;
- тербелісті анықтаудың бапталынатын бағдарламасы бар;
- тораптағы тербеліс кезінде дистанционды қорғаныстан берілетін команда бойынша қажетсіз істен шығарулардың алдын алу;
- асинхронды режим кезінде істен шығаруға параметрлерді қосымша баптау;

*Жерге қысқа тұйықталудан қорғаныс:*

- тоқтан үш тәуелсіз сатысы (ИМЗ) және тоқтан тәуелді бір сатысы (АМЗ) бар бағытталған сатылы максималды қорғаныс;
- АМЗ –сатылар үшін әртүрлі іске қосылу сипаттамаларын таңдауға мүмкіндік бар;
- АМЗ –саты қайтадан бапталынуы мүмкін және төртінші тәуелсіз саты ретінде пайдалануы мүмкін;
- МТҚ-ың жоғары сезімталдығы;
- тоқ трансформаторлары қаныққан кезде балансталмаған тоқтан фазалы тоқты тұрақтандыру;
- екінші гармониканы бағалау негізінде қосылған кезде тоқтың секіруінен тұрақтандыру;
- нөл ретті кернеуден тәуелді уақытпен істен шығарылатын жерге қысқа тұйықталудан қорғаныс;

- әр саты бағытталған немесе бағытталмаған сияқты етіп бапталынуы мүмкін;

- желінң нөлді тоғының және трансформаторының нейтралының тоғының көмегімен нөл реттік құраушылар бойынша бағытты анықтау;

- кез-келген саты үшін қысқа тұйықталуға қосқан кезде ұстанмсыз істен шығару мүмкіндігі бар.

*Апаттық резервтік сатылы тоқ қорғанысы:*

- таңдау бойынша өлшенетін кернеу жоғалып кеткенде апаттық қызмет сияқты пайдаланылады немесе өлшенетін кернеуден тәуелсіз әрекет ететін резервті қорғаныс сияқты;

- максимум екі тәуелсіз саты (ИМЗ) бар және бір саты тоқтан тәуелді;

- фазалардың фазалы тоқтар және нөл ретті реттері үшін АМЗ сатысы;

- АМЗ қорғанысы үшін іске қосылудың әр түрлі сипамаларын таңдау мүмкіндігі бар;

- тыйым салу мүмкіндіктері бар мысалы кез-келген саты үшін кері бағыт кезінде тыйым салу;

- ҚТ-ға қосқан кезде кез-келген сатыға ұстанымсыз істен шығару мүмкін;

- қосылудың соңындағы зақымдалудан қорғаныс.

*Пайдаланумен бағдарламаланатын логикалық функциялар:*

- пайдаланушымен таңдалынған логикалық функцияларды іске асыру үшін ішкі және сыртқы сигналдарды еркін бағдарламалау байланыстары;

- жалпы пайдаланылатын логикалық функциялар;

- локальды және алыстағы өлшенетін шамалардың индикациясы олардың модульдерін және фаза жағдайларын көрсетуі бар.

*Командаларды өңдеу:*

- қосылып ажыратылатын құрылғыларды басқару кнопкалары арқылы қолмен қосу және ажырату жүйелік интерфейс арқылы (мысалы SICAM немесе LSA) немесе басқаратын интерфейс арқылы (жеке компьютер немесе DIGSI 4 бағдарламасы көмегімен) бағдарламаланатын функционалды клавишалар көмегімен;

- күштік ажыратқыштың блок-түйіспелері арқылы ажыратқыштың күйі туралы кері мәліметтердің қалыптасуы;

- ажыратқыштың дайындығын бақылау және ауысып-қосу амалдарына тыйым салуды бақылау;

*Басқару функциялары:*

- өлшеудің ішкі тізбектерін коректік кернеу тізбектерін бақылаудың сонымен қатар бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету арқасында құрылғының жоғары дайындығы;

- қосындыны және симметриялы бақылау аспаптарымен тоқ және кернеу трансформаторларының екіншілік тізбектерін бақылау;

- істен шығару тізбектерін бақылау;

- жүктеменің толық кедергісін қуат бағытын және фазалардың кезектілігінің тізбектігін бақылау;

- байланыстың санды арналарындағы сигналды жіберуді бақылау.

*Қосымша функциялары:*

- нақты уақытты тіркеуі бар соңғы 8 зақымдаулар үшін мәліметтерді жинақтағыш;

- максималды 8 жерге тұйықтаулар үшін ҚТ-ды протоколдау;

- істен шығару статистикасы құрылғыдан келіп түскен қосу және ажыратуға берілетін командаларды санау сонымен қатар ҚТ туралы ақпаратты протоколдау және істен шыққан ҚТ-у тоқтарының мәндерін жинақтау.

### 3.3.4 Дистанциондық қорғаныс

Дистанциондық қорғаныс құрылғының негізгі функциясы болып табылады. Ол өлшемдердің жоғарғы деңгейлі дәлдігімен тораптағы әртүрлі жағдайларға икемді бейімделумен сипатталады және бірқатар қосымша функцияналды мүмкіндіктері бар.

Көп бұрышты іске қосылу сипаттамасы бар дистанциондық қорғаныс.

Функцияның түсіндірмесі жұмыстық көпбұрыш.

Әр дистанционды зона үшін сәйкес зона сипаттамасын көрсететін жұмыстық көпбұрыш анықталады. Әр зақымдалған контур үшін барлығы 5 тәуелсіз зонасы және қосымша бір күйге келтірілген зонасы болады 2.4-суретте осындай көпбұрыштың мысалы келтірілген. Бұл жағдайда бірінші зонаның көпбұрышы (“алға” бағытталған зона ретінде) сұр түспен ерекшеленген. Үшінші зона “артқа” бағытталған зона ретінде келтірілген.

Көпбұрыш жалпы жағдайда  $R$  және  $X$  осьтері бар параллелограмммен сондай-ақ  $\varphi$  иілу бұрышынан беріледі.

*$R$  last және last параметрлері бар жүктеме секторы көпбұрыштан жүктеме импедансының ауданы бөліп шығарады. Осьтер әр зона үшін индивидуалы түрде (жеке) беріле алады. Желі  $R$  last last мәндері барлық зоналар үшін ортақ беріледі. Параллелограмм  $R$ - $X$  координаталар жүйесіне қатысты симметриялы. Бағыт сипаттамасы қажетті квадрантта іске қосылу ауданын шектейді.*

$R$  ось бойынша кесінді фаза аралық ҚТ үшін бір жақтан және жерге ҚТ үшін екінші тоқтан жерге ҚТ кезінде активті кедергі бойынша үлкен қор алу үшін беріле алады.

$Z1$  бірінші зонасы үшін қосымша екі жақты қоректенетін желідегі ҚТ жағдайында ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ бұрышының ауткуы садарынан ҚТ кедергісін өлшеуінің төмендеуінен сатының іске қосылуының алдын алатын аудан болады.  $Z1$  және одан жоғары зоналар үшін бұл аудан болмайды.

Дистанционады қорғаныста келесі сатылар (аймақтар) бар:

*Тәуелсіз сатылар:*

- Бірінші саты  $R(Z1)$   $X(Z1)$  (тез әрекет етеді) уақыт бойынша ұстанымы бар T11POL (бір фазалы ҚТ кезінде) немесе T1MENRPOL (көп фазалы ҚТ кезінде);

- Екінші саты (резервті)  $R(Z2)$   $X(Z2)$   $Z2$  уақыт бойынша ұстанымы бар T21POL (бір фазалы ҚТ кезінде) немесе T2MENRPOL (көп фазалы ҚТ кезінде);

- Үшінші саты (резервті)  $R(Z3)$   $X(Z3)$   $Z3$  уақыт бойынша ұстанымы бар T3;

- Төртінші саты (резервті)  $R(Z4)$   $X(Z4)$   $Z4$  уақыт бойынша ұстанымы бар T4;

- Бесінші саты (резервті)  $R(Z5)$  (“алға”) және  $X(Z5)$  (“артқа”)  $Z5$  уақыт бойынша ұстанымы бар T5.

*Тәуелді саты (басқарылатын):*

$R(Z1B)$   $X(Z1B)$   $Z1B$  аралық саты уақыт бойынша ұстанымы бар T1B1POL (бір фазалы ҚТ кезінде) немесе T1BMENRPOL (көп фазалы ҚТ кезінде).

### 3.3.5 Бірінші сатыны есептеу

Дистанциондық қорғаныстардың есептеулерінде толық кедергі  $Z$  алынады бірақ бұл есептеуде толық кедергінің орнына реактивті кедергі  $X$ -ті колданамыз өйткені кернеуі 1000В-тан асатын желілерде активті кедергі реактивті кедергіден едәуір аз.

Бірінші сатының кедергісі қарама-қарсы жатқан қосалқы стансаның шинасындағы 3-фазалық ҚТ-дан реттеу(қайтару) арқылы таңдалады біздің жағдайда ҚТ есептелмей-ақ Л18 желісінің кедергісі алынады.

$$Z'_{Л18} = Z_{Л18} / (1 + \beta + \delta) = 0,85 \cdot Z_{Л18} = 0,85 \cdot 4,8 = 4,08 \text{ Ом} \quad (3.1)$$

Бұл жерде  $\beta = 0,05$  -кернеу трансформаторлары мен кедергі релелерінің қателіктерін ескеретін коэффициент  $\delta = 0,1$  - электрлік шамалардың біріншілік есептік қателіктерін ескеретін коэффициент.

Бірінші саты уақыт ұстанымынсыз іске қосылады.\

### 3.3.6 Екінші сатыны есептеу

Екінші саты көршілес желілердің тез іске қосылатын қорғаныстарымен шатаспауы керек демек келесідей екі шарт бар:

1) Л21 желісінің дистанциондық қорғаныстың бірінші сатысы;

2) 7-қосалқы стансасының трансформаторының релелік қорғанысы.

Бірінші шарт бойынша Л21 желісінің бірінші сатысын есептеу қажет

$$Z'_{Л21} = \frac{Z_{Л21}}{1 + \beta + \delta} = 0,85 \cdot Z_{Л21} = 0,85 \cdot 10,4 = 8,84 \text{ Ом.}$$

Л18 желісінің екінші сатысы

$$Z_{Л18}'' = (Z_{Л18} + (1 - \alpha) \cdot Z_{Л21}' / K_{T.21}) / (1 + \beta + \delta) = 0,85 \cdot Z_{Л18} + 0,66 \cdot Z_{Л21}' / K_{T.21}$$

Бұл жерде  $\alpha = 0,1$ - ток трансформаторларының қателігін ескеретін коэффициент;


$K_{T.5}$  - токтаралу коэффициент.

$K_{T.5}$  токтаралу коэффициенті көршілес Л21 желісіндегі ҚТ кезіндегі мүмкін болатын қоректенуді ескереді.

$$K_{T.21} = I_1 / I_3$$

бұл жерде  $I_1$  және  $I_3$  - Л18 және Л21 желілерінің қорғаныс комплекттерінен өтетін ҚТ токтары ҚТ Л21 желісінің соңында максималды режимде.

$I_1$  және  $I_3$  токтарын табу үшін керекті сұлбаны симулятор программасында құрастырамыз Л18 және Л21 желілерінің қорғаныс орындарына амперметрді орнатамыз.



Сурет 3.1 – Дистанционды қорғаныста Л21 желісіндегі ҚТ

$$K_{T.21} = I_1 / I_3 = 2,501 / 2,501 = 1;$$



$$Z_{Л18}^{II} = (Z_{Л18} + (1 - \alpha) \cdot Z_{Л21}^I / K_{T.Л21}) / (1 + \beta + \delta) = 0,85 \cdot Z_{Л18} + 0,66 \cdot Z_{Л21} / K_{T.Л21} = 0,85 \cdot 4,8 + 0,66 \cdot 10,4 / 1 = 10,944 \text{ Ом.}$$

Екінші шарт бойынша Л18 желісінің қорғанысының екінші сатысы Т7 трансформаторының соңында 10кВ-тық шинадағы ҚТ-дан реттейміз:


$$Z_{Л18}^{II} = (Z_{Л18} + Z_{TP7}^I / K_{T.TP7}) / (1 + \beta + \delta) = 0,85 \cdot (Z_{Л18} + Z_{TP7} / K_{T.TP7}).$$

$K_{T.TP3}$  токтаралу коэффициенті көршілес қосалқы стансадағы трансформаторының соңындағы ҚТ кезіндегі мүмкін болатын қоректенуді ескереді.

$$K_{T.TP7} = I_1 / I_{TP7}$$

Бұл жерде  $I_1$  және  $I_{TP7}$  - Л18 және TP7 трансформаторының қорғаныс комплекттерінен өтетін ҚТ тоқтары ҚТ Л21 желісінің соңында максималды режимде.

$I_1$  және  $I_{TP7}$  тоқтарын табу үшін керекті сұлбаны симулятор программасында құрастырамыз Л18 және TP7 трансформаторының қорғаныс орындарына амперметрді орнатамыз.



Сурет 3.2- Дистационды қорғаныста Т7 трансформаторындағы ҚТ

$$K_{T.TP7} = I_1 / I_{TP7} = 90,82 / 601 = 0,15 ;$$

$$Z_{Л18}'' = 0,85 \cdot (Z_{Л18} + Z_{TP7} / K_{T.TP7}) = 0,85 \cdot (4,8 + 103,158 / 0,15) = 588,642 \text{ Ом.}$$

Екі шарттан ең кішісін таңдаймыз:

$$Z_{Л18}'' = 10,944 \text{ Ом.}$$

Л18 желісінің қорғанысының екінші сатысының сезімталдылық коэффициентін тексереміз

$$K_q = Z_{Л18}'' / Z_{Л18} = 10,944 / 4,8 = 2,28 > 1,25 .$$

Сезімталдылық шарты қанағаттандырылды.

Екінші сатының уақыт ұстанымын селективтілік сатысына тең деп қабылдаймыз яғни  $t_{зл5}'' = \Delta t$ ;  $\Delta t = 05 \text{ сек.}$

### 3.3.7 Үшінші сатыны есептеу

Қорғаныстың үшінші сатысын іске асыратын қосқыш релелері жүктеменің жұмыс режиміндегі минималды кедергіден орнатылуы керек яғни эксплуатацияда мүмкін болатын шарттардағы максималды жұмыс тогы  $I_{раб.макс.}$  және минималды кернеу  $U_{раб.мин.} = (09 - 095) U_{ном.}$

Тежелген қозғалтқыштардың өзіндік іске қосылу коэффициентін  $k_3 = 15$  сенімділік  $k_H = 12$  және қайтымдылық коэффициенттерін  $k_B = 105 - 11$  ескеріп реленің бірінші ретті іске қосу кедергісін келесідей анықтаймыз:

$$Z_{Л15}''' = \frac{U_{раб.мин}}{\sqrt{3} K_H K_3 K_6 I_{раб.макс} \cos(\varphi_{м.ч.} - \varphi_{раб})} \quad (3.2)$$

мұнда  $\varphi_{м.ч.} = 75^0$  - максималды сезу бұрышы.

$$\cos \varphi_{раб} = 0,8 \quad \arccos 0,8 = 36,8^0$$

$$Z_{Л18}''' = \frac{0,9 \cdot 110 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 1,2 \cdot 1,5 \cdot 1,1 \cdot 262,44 \cdot \cos(75^0 - 36,8^0)} = 139,97 \text{ Ом.}$$

Үшінші сатының сезімталдық коэффициентін тексеру.

Дистанциондық қорғаныстың үшінші сатысыны келесі екі шарт бойынша есептейміз:

- 1) Қорғалатын желінің соңындағы ҚТ
- 2) Резервтелетін зонаның соңындағы ҚТ әсіресе үшінші саты көршілес жатқан ең ұзын желінің соңындағы ҚТ-ды сенімді сезу керек.

Сезімталдылық коэффициенті бірінші шарт бойынша

$$K_{\text{ч}} = Z_{\text{Л18}}^{\text{III}} / Z_{\text{Л18}} = 139,97 / 4,8 = 29,16 > 1,25.$$

Үшінші сатының мәні бірінші шарттың талаптарына сәйкес келеді.

Екінші шарт бойынша сезімталдылық коэффициенті Л21 желісінің соңындағы ҚТ арқылы есептеледі.

$$K_{\text{ч}} = Z_{\text{Л18}}^{\text{II}} / Z_{\text{защ.мак.}} \geq 1,2$$

Бұл жерде  $Z_{\text{защ.мак.}}$  - ең ұзын желі Л21 соңындағы ҚТ кезіндегі үшінші саты релесіне жалғанатын максималды мән.

$Z_{\text{защ.мак.}}$  энергожүйенің минималды режимінде токтаралу коэффициентін ескере отырып есептеледі.


$$Z_{\text{защ.мак.}} = Z_{\text{Л18}} + Z_{\text{Л21}} / K_{\text{T.MIN}}$$

$K_{\text{T.MIN}}$  токтаралу коэффициенті көршілес желі Л21-дегі ҚТ кезіндегі мүмкін болатын қоректенуді ескереді.

$$K_{\text{T.MIN}} = I_{1.MIN} / I_{\text{Л18}.MIN}$$

бұл жерде  $I_{1.MIN}$  және  $I_{\text{Л18}.MIN}$  - Л18 және Л21 желілері қорғаныс комплектінен ағып өтетін ҚТ тогы энергожүйенің минималды режим кезіндегі ҚТ нүктесі Л21 желісінің соңында.

$I_{1.MIN}$  және  $I_{\text{Л21}.MIN}$  токтарын табу үшін керекті сұлбаны симулятор программасында құрастырамыз Л18 және Л21 желілерінің қорғаныс орындарына амперметрді орнатамыз.



Сурет 3.3 – Дистанционды қорғаныста Л6 желісіндегі ҚТ

$$K_{T.MIN} = I_{1.MIN} / I_{Л18.MIN} = 2,528 / 2,528 = 1;$$

$$Z_{защ.мак.} = Z_{Л18} + Z_{Л21} / K_{T.MIN} = 4,8 + 10,4 / 1 = 15,2 \text{ Ом};$$

$$K_{\psi} = Z_{Л18}^{III} / Z_{защ.мак.} = 139,97 / 15,2 = 9,21 \geq 1,2.$$

Үшінші сатының кедергісінің мәні екінші шарт бойынша сезімталдылықты қанағаттандырады.

Үшінші сатының уақыт ұстанымын карсы-сатылы принцип бойынша (МТҚ сияқты) көршілес желінің үшінші сатысының уақыт ұстанымынан жоғарырақ алынады. Егерде көршілес желілер көп болса олардың арасындағы үшінші сатысы ең үлкен іске қосылу уақытқа ие болғаны алынады.

Л7-нің үшінші сатысының уақыт ұстанымы:  $t_{Л7}^{III} = 0,8 \text{ с};$

Л6-ның үшінші сатысының уақыт ұстанымы:  
 $t_{Л6}^{III} = t_{Л7}^{III} + \Delta t = 0,8 + 0,5 = 1,3 \text{ с};$

Л5-тің үшінші сатысының уақыт ұстанымы:  $t_{Л5}^{III} = t_{Л6}^{III} + \Delta t = 1,3 + 0,5 = 1,8 \text{ с}.$

Реленің іске қосылу кедергісі келесі формуламен анықталады:

$$Z_{cp} = Z_{c3} \cdot n_T / n_H . \quad (3.3)$$

$Z_{cp}$  мәніне қарап каталогтық мәліметтер бойынша реленің қойылымы таңдалынады.

Барлық сатылар үшін  $n_T = 200 / 5 = 40$   $n_H = 110000 / 100 = 1100$  деп қабылдап  $Z_{cp}$  есептейміз.

$$Z' = 4,08 \cdot \frac{40}{1100} = 0,148 \text{ Ом};$$

$$Z'' = 10,944 \cdot \frac{40}{1100} = 0,398 \text{ Ом};$$

$$Z''' = 139,97 \cdot \frac{40}{1100} = 5,09 \text{ Ом}.$$

ДҚ-тың селективтілік картасы А1 форматтағы 1-ші сызбада көрсетілген.

Кесте 3.1 - SIPROTEC фирмасы 7UT613 типінің параметрлері

| Адрес<br>i | Параметрі | С | Тағайындамалар<br>варианты | Берілген<br>Тағайын | Түсіндірмелер |
|------------|-----------|---|----------------------------|---------------------|---------------|
|            |           |   |                            |                     |               |

|      |                          |   |                          |      |   |
|------|--------------------------|---|--------------------------|------|---|
|      |                          |   |                          | дама |   |
| 1    | 2                        | 3 | 4                        | 5    | 6   |
| 1201 | FCT Distance<br>(Ф-я ДЗ) |   | ON (ҚОСУ)<br>OFF (ӨШІРУ) | ON   | Дистанционды қорғаныс қосулы (ON) өшірулі (OFF) |

### 3.1-кестенің жалғасы

| 1    | 2   | 3      | 4  | 5                 | 6   |
|------|---|--------|--|-------------------|---|
| 1210 | Start Timers<br>(Таймерлер қосу)          |        | on Dis. Pickup<br>(при Сраб.ДЗ)<br>on Zone Pickup  | on Dis.<br>Pickup | Сатылардың уақыт кідірісінің қосылу шарты       |
| 1211 | Distance Angle<br>(УголНаклДистЗащ)       |        | 30 .. 90 °   | 75 °              | ДҚ сипаттамасының көлбеулік бұрышы              |
| 1244 | $\phi$ load (Ø-E)<br>( $\phi$ нагр (Ø-E)) |        | 20 .. 60 °<br>Arccos08+5 <sup>0</sup>  | 368 °             | Угол сектора нагрузки (фаза-фаза)               |
| 1306 | T1-multi-phase<br>(Т1-многофаз)           |        | 0.00 .. 30.00 sec<br>(с); ∞  | 0.00 sec          | Уақыт ұстанымы Т1 ступени Z1 при многофазных КЗ |
| 1316 | T2-multi-phase<br>(Т2-многофаз)           |        | 0.00 .. 30.00 sec<br>(с); ∞  | 0.50 sec          | Уақыт ұстанымы Т2 ступени Z1 при многофазных КЗ |
| 1325 | T3 DELAY<br>(Т3 ЗАДЕРЖКА)                 |        | 0.00 .. 30.00 sec<br>(с); ∞  | 1.80 sec          | Уақыт ұстанымы Т3 ступени Z3                    |
| 1335 | T4 DELAY<br>(Т4 ЗАДЕРЖКА)                 |        | 0.00 .. 30.00 sec<br>(с); ∞  | 0.30 sec          | Уақыт ұстанымы Т4 ступени Z4                    |
| 1301 | Op. mode Z1<br>(Раб.реж Ст1)              |        | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional<br>(бағытсыз)<br>Inactive Неактив.) | Forward           | Z1 сатысының жұмыс режимі                       |
| 1303 | X(Z1)<br>(X(Ст1))                         | 5<br>A | 5A 0.010 ..<br>120.000 Ω (Ом)  | 0185 Ω            | Реактивті кедергі X(Z1)                         |

|      |                                 |  |   |         |   |
|------|---------------------------------|--|---|---------|---|
|      |                                 |  |   |         |   |
| 1307 | Zone Reduction<br>(ПонижениеСт) |  | 0 .. 45 °   | 0 °     | Угол скоса<br>көпбұрыш<br>(комп. Нагр.) |
| 1311 | Op. mode Z2<br>(Раб.реж Ст2)    |  | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (<br>бағытсыз) | forward | Жұмыс режимі<br>ступени Z2              |

### 3.1-кестенің соңы

| 1    | 2                            | 3      | 4   | 5       | 6                            |
|------|------------------------------|--------|---|---------|------------------------------|
| 1313 | X(Z2) (X(Ст2))               | 5<br>A | 0.010 .. 120.000 Ω<br>(Ом)  | 044 Ω   | Реактивті<br>кедергі X(Z2)   |
| 1321 | Op. mode Z3<br>(Раб.реж Ст3) |        | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional<br>(бағытсыз)<br>Inactive<br>(Неактив.)  | Forward | Z3 сатысының<br>жұмыс режимі |
| 1323 | X(Z3) (X(Ст3))               | 5<br>A | 0.010 .. 120.000 Ω<br>(Ом)  | 66 Ω    | Реактивті<br>кедергі X(Z3)   |
| 1331 | Op. mode Z4<br>Раб.реж Ст4)  |        | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (<br>бағытсыз)<br>Inactive<br>(Неактив.) | reverse | Z4 сатысының<br>жұмыс режимі |
| 1333 | X(Z4) (X(Ст4))               | 5<br>A | 0.010 .. 120.000 Ω<br>(Ом)<br>Z1дің 10%-ын<br>аламыз  | 00185 Ω | Реактивті<br>кедергі X(Z4)   |

### 3.4 Төрт сатылы нөл реттік тоқ қорғанысын (НРТҚ) есептеу

НРТҚ  $3I_0$  тогы бойынша есептелінедіал нөл реттілік токтарды есептеу үшін бір фазалы және екі фазалы жерге ҚТ комплексті сұлбаларын пайдалану керек.Комплекстік сұлбалар туракері және нөлдік реттіліктердің орынбасу сұлбаларын камтиды және "ELECTRONICS WORKBENCH" бағдарламасының көмегімен токтарды анықтаймыз(Қосымша А 123-суреттер).

### 3.4.1 НРТҚ бірінші сатысын есептеу

Уақыт ұстанымынсыз іске қосылатын бірінші сатысы қарсыдағы қосалқы стансаның шинасында энергожүйенің максималды режимінде ҚТ болған кезде қорғаныс орнатылатын жерден өтетін ток  $3I_0$  шарты бойынша таңдалады.

$$I_{Л18}^I = K_H \cdot 3 \cdot I_0$$

Бұл жерде  $K_H = 1,3$  - сенімділік коэффициенті.

Жерге ҚТ-дың екі түрі бар: бір фазалы жерге ҚТ және екі фазалы жерге ҚТяғни екі шарт орын алады.

$$I_{Л18}^I = K_H \cdot 3 \cdot I_0^{(1)};$$

$$I_{Л18}^I = K_H \cdot 3 \cdot I_0^{(1,1)}.$$

Нөлдік токтарды анықтау үшін симмулятор-программасында тура модельдеу әдісін пайдаланамыз. Тура кері және нөл реттіліктерден тұратын комплексті сұлбаларды тұрғызу қажет. Амперметр нөл реттілік сұлбада қорғаныстың қойылатын жерінде орнатылады.

Комплексті сұлбаларды құрастырғанда келесіге көңіл бөлу қажет:

а) реттіліктердің орынбасу сұлбаларының бас нүктесі ретінде қуат өндірушілерді біріктіретін нейтраль болып табылады. нөл реттілікте оған тағы трансформаторлардың кедергілері қосылады;

ә) сұлбаның соңғы нүктесі болып ҚТ нүктесі болады

А қосымшаның 45-суреттерінен келесі мәндерді аламыз:

$$I_{Л18}^{(1)} = -8993 \text{ A}; I_{Л18}^{(11)} = 9522 \text{ A}.$$

Егерде теріс сан шығатын болса оның модулі алынады.

Екі шарттан ең үлкен  $I_0$  ток алынады және бұл мән үшін іске қосылу тогы есептелінеді.  $t_{Л18}^I = 0 \text{ с}$ .

$$I_{Л18}^I = K_H \cdot 3 \cdot I_0 = 1,3 \cdot 3 \cdot 952,2 = 3713,58 \text{ A};$$

### 3.4.2 Екінші сатыны есептеу

Екінші сатының іске қосылу тогын мына шарт бойынша анықтаймыз:

Екінші сатыны келесі қорғаныстың I сатысының іске қосылу тогынан келтіріп аламыз.

Қорғалынып жатқан желіден кейін орналасқан желінің қ.т. болғанда қорғаныстан өтетін үш еселенген нөл реттік тоқтан аламыз;

$$I_{Л18}^{II} = K_H \cdot 3 \cdot I_0$$

бұл жерде  $K_H = 1,2$  - сенімділік коэффициенті.

18 желіні үшке бөлгендегі мәнімен сәйкестендіріп 21 желінің мәнін аламыз. Ол үшін 22 желінің қысқа тұйықталу тоқтары есептейміз.

$I_{Л22}^I$  тура  $I_{Л18}^I$  сияқты анықталады программа-симулятордағы комплексті сұлбаны суреттерде көрсетеміз (қосымша А 67-суреттер).

$$I_{Л21}^{(1)} = -6217 \text{ А. } I_{Л21}^{(11)} = 6503 \text{ А.}$$

Егерде теріс сан шығатын болса оның модулі алынады.


Екі шарттан ең үлкен  $I_0$  ток алынады және бұл мән үшін іске қосылу тогы есептелінеді.

$$I_{Л21}^I = K_H \cdot 3 \cdot I_0 = 1,3 \cdot 3 \cdot 650,3 = 2536,17 \text{ А.}$$

Бөлгендегі мәні:

$$I_{21}^I = 2536,17 / 3 = 845,39 \text{ А.}$$

Л21 желісінің қорғанысының бірінші сатысының соңында ҚТ кезіндегі Л18 желісінің қорғанысы орнатылған жеріндегі ағып өтетін  $3I_0$  тогын модельдеу арқылы анықтауға болады.

Ол үшін симмулятор-программасында комплексті сұлба салынады. Сонымен қатар Л21 желісінің кедергісінің орнындағы резистор 1 k Ohm [R]/1 k Ohm /50% жеріне патенциометр  орнатамыз. Потенциометрдің ортаңғы нүктесі қозғалмалы ҚТ нүктесі ретінде пайдаланылады. Л21 желісінің басынан бастап бірінші сатының соңына дейін кедергіні ауыстырып отырамыз. Потенциометрдің кедергісін ауыстыру арқылы Л21 желісінің басында орнатылған амперметрдегі көрсеткіш қадағаланып отырады. Потенциометрдің ортаңғы нүктесі Л21 желісінің бірінші сатының соңына жеткенде амперметрдегі көрсеткіш  $I_{Л21}^I / 3$  мәнін көрсету керек. Осыдан кейін барып Л18 желісінің басында орнатылған амперметрдегі көрсеткішті байқауға болады бұл ізденілген ток  $I_0$  болады. Ары қарай  $I_{Л18}^II$  есептелінеді.

А қосымшаның 45-суреттерінен келесі мәндерді аламыз:

$$I_{Л18}^{(1)} = -4195 \text{ А; } I_{Л18}^{(11)} = 4218 \text{ А;}$$

$$I_{Л18}^{II} = K_H \cdot 3 \cdot I_0 = 1,2 \cdot 3 \cdot 421,8 = 1518,48 \text{ А.}$$

Екінші сатының сезімталдығын тексереміз

НРТҚ екінші сатысының сезімталдығын энергожүйенің минималды режимінде қорғалатын желінің соңындағы екі фазалы ҚТ арқылы тексереміз.

Сезімталдық коэффициенті



$$K_q = 3 \cdot I_0^{(1)} / I_{Л18}'' \geq 1,2;$$

мұндағы  $3 \cdot I_0^{(1)}$  - Л18 желісінің соңында ҚТ кезінде Л18 желісінің қорғаныс комплектінен өтетін ток. А қосымшаның 10-суретінен келесі мәнді аламыз:

$$I_{Л18}^{(1)} = -9019 \text{ А.}$$

$$K_q = 3 \cdot I_0^{(1)} / I_{Л18}'' = 3 \cdot 901,9 / 1518,48 = 1,78 > 1,2.$$

Сезімталдық шарты қанағаттанды

$$t_{Л20}'' = \Delta t = 0,3 \text{ с.}$$

### 3.5.4 Үшінші сатыны есептеу

Үшінші сатының іске қосылу тогын  $I_{СЗ}'''$  сыртқы үш фазалы қысқа тұйықталу кезіндегі ТТ-ң нөлдік сымындағы балансталмаған тогынан орнатуымыз керек. Бұл анықтама әдетте трансформатордың төменгі жағындағы Қ.Т. кезінде небаланс тогынан орнатуға сәйкес келеді.


$$I_{НБ} = K_H \cdot K_{ОДН} \cdot \xi \cdot I_{К.МАКС}^{(3)}. \quad (3.4)$$

мұндағы  $K_H = 1,2$  – реледегі қателікті және қажетті қорды ескеретін реттеу коэффициенті.

$K_{ОДН} = 1$  – ток трансформаторларының біркелкілік коэффициенті;

$I_{рас} = I_{к.макс}^{(3)}$  – желінің екі соңына қосылатын қосалқы станцияның трансформаторларынан кейінгі үш фазалық ҚТ-ның есептік тогы;

$\xi = 0,1$  – ток трансформаторының қателігі.



Сурет 3.4 - Үш фазалы қ.т.т.

$$I_{HB} = 1 \cdot 0,1 \cdot 0,5 \cdot 942,4 = 47,12 \text{ А};$$

$$I_{Л18}^{III} = K_H \cdot I_{HB} = 1,25 \cdot 47,12 = 58,9 \text{ А}.$$

Сезімталдық коэффициентін анықтаймыз:

$$K_q^{III} = \frac{3I_{0Л.МИН}^I}{I_{Л18}^{III}}.$$

$I_{Л18}^{IV}$  - резервтелетін соңында бір фазалық ҚТ кезіндегі қорғаныс комплектінен ағатын тоқ.

Үшінші саты көршілес желілердің соңында орын алатын жерге ҚТ-лардың барлығын сезуі қажет.

$$K_q^{III} = \frac{3 \cdot 901,9}{58,9} = 45,94 > 1,5.$$

Сезімталдық шартты қанағаттандырады.

Үшінші сатының уақыт ұстанымын карсы-сатылы принцип бойынша (МТҚ сияқты) көршілес желінің екінші сатысының уақыт ұстанымынан жоғарырақ алынады. Егерде көршілес желілер көп болса олардың арасындағы үшінші сатысы ең үлкен іске қосылу уақытқа иесі алынады.

Л18-дың резервті сатысының уақыт ұстанымы  $t_{Л18}^P = 0,8$ .

Л21-нің резервті сатысының уақыт ұстанымы  $t_{Л21}^P = t_{Л18}^P + \Delta t = 0,8 + 0,5 = 1,3$ .

Л22-ның резервті сатысының уақыт ұстанымы  $t_{Л22}^P = t_{Л21}^P + \Delta t = 1,3 + 0,5 = 1,8$ .

НРТҚ сатылары үшін реленің іске қосылу тоқтарын есептеу.

НРТҚ желіге тоқ трансформаторларынан құрастырылған  $3I_0$  фильтр арқылы қосылады. Сондықтан НРТҚ сатыларының іске қосылу тоқтары екіншілік тоқтарда берілуі қажет.

$$i_{CP}^I = I_{Л5}^I / n_{ТА}$$

Бұл жерде  $n_{ТА}$  - ток трансформаторларының трансформациялау коэффициенті  $n_{ТА} = 200/5 = 40$ .

$$i_{CP}^I = I_{Л5}^I / n_{ТА} = 6715,8 / 40 = 167,895 \text{ А};$$

$$i_{CP}^{II} = I_{Л5}^{II} / n_{ТА} = 4773,6 / 40 = 119,34 \text{ А};$$

$$i_{CP}^{IV} = I_{Л5}^{IV} / n_{ТА} = 286,1875 / 40 = 7,154 \text{ А}.$$

НРТҚ-ның селективтілік картасы А1 форматтағы 1-ші сызбада көрсетілген.

Кесте 3.2 – SIPROTEC фирмасы 7UT613 типінің параметрлері

| Адрес | Тағайыншаманың аты                  | Тағайыншама диапазоны  | Тағайы шаманы таңдау | Түсініктем е            |
|-------|-------------------------------------|--|----------------------|-------------------------|
| 3101  | НРТҚ                                | Қосулы<br>Өшірулі  | Қосулы               | Жерге ҚТ-дан қорғау     |
| 3110  | Op. mode 310>>><br>(Раб.реж 310>>>) | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (бағытсыз)<br>Inactive (Неактив.) | forward              | Жұмыс режимі            |
| 3111  | 310>>> (310>>>)                     | 025-125 А  | 4717А                | 310>>> іске қосу тоғы   |
| 3112  | T 310>>> (T 310>>>)                 | 0-30с  | 0с                   | T 310>>> Уақыт ұстанымы |
| 3120  | Op. mode 310>>><br>(Раб.реж 310>>>) | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (бағытсыз)<br>Inactive (Неактив.) | forward              | Жұмыс режимі            |
| 3121  | 310>> (310>>)                       | 025-125 А  | 322А                 | 310>> іске қосу тоғы    |
| 3122  | T 310>> (T 310>>)                   | 0-30с  | 03с                  | T 310>> Уақыт           |

|      |                                     |  |         | ұстанымы                             |
|------|-------------------------------------|--|---------|--------------------------------------|
| 3130 | Op. mode 310><br>(Раб.реж 310>)     | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (бағытсыз)<br>Inactive (Неактив.) | forward | Жұмыс<br>режімі                      |
| 3131 | 310>                                | 025-125 А  | 282А    | 310> іске<br>қосу тоғы               |
| 3132 | T 310> (T 310>)                     | 0-30с  | 06с     | T 310><br>Уақыт<br>ұстанымы          |
| 3140 | Op. mode 310p<br>(Раб.реж 310p)     | forward (алға)<br>reverse (артқа)<br>non-directional (бағытсыз)<br>Inactive (Неактив.) | forward | Жұмыс<br>режімі                      |
| 3141 | 310p PICKUP<br>(310p CPAБ)          | 025-125 А  | 09А     | 310p іске<br>қосу тоғы               |
| 3142 | 310p MinT-DELAY<br>(310p МинЗадВрм) | 0-30с  | 23с     | НРТҚ<br>минимал<br>уақыт<br>ұстанымы |

#### **4 Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі бойынша табиғи және жасанды жарықтандыру жүйелерін есептеу**

##### **4.1 Еңбек шарттарын талдау**

Бұл дипломдық жұмысымдағы №7-қосалқы станциясы республикамыздың оңтүстік-шығыс өңірінде Алматы қаласында орналасқан. Қосалқы станция қалалық жерде болған соң жергілікті тұрғындарға кедергі жасамайтын арнайы шарттар қойылады. Қосалқы станцияда үш фазалық ТДТН-25000/110/35/10 үш орамды трансформатор орналасады. Өзіндік қажеттілікке қорек ететін 10/04 кВ-ты трансформатор бар.

Еңбек шарттары адамның жұмысқа деген қабілетін және денсаулығын анықтайды. Жұмыс шартының жағдайы өндірістік факторлардың болуымен анықталады.

Қосалқы станцияда көптеген факторлар әсер етеді. Физикалық өндіріс факторларына: қозғалмалы механизмдер өндіріс жабдықтарының қозғалатын бөліктері орын ауыстыратын бұйымдар жұмыс орнының орналасуының жерден айтарлықтай биіктіктегі өткір жиектері жоғары шаңдылық және ауаның газдануы; жабдықтар беттерінің ауаның температурасының жоғарылауы; шу деңгейінің жоғарылауы діріл.

Еңбек шартын талдау қосалқы станциядағы факторларды зерттеуді жан-жақты қарастырады. Әр әсер етуші параметрді өлшеу әдісі сәйкес нормативті құжаттармен және әр түрлі әдістермен мысалы практикаға пайдалы дәлдікпен дерексіз сандарда көрсетілген мәндерді қолдана отырып

эксперттік (мамандық) әдіспен айтылады. Мұнда шарттың әр элементі оның түріне және жұмыс істеп тұрған адамға әсер ету уақытындағы қандай да бір балл санымен бағаланады. Осы қосалқы станцияда 6 қызметкер жұмыс істейді. Олар: қосалқы станцияның басшысы аға электрмеханик электромеханик және электромонтерлер. Біздің қосалқы станция қазіргі заманғы электр қондырғыларымен жабдықталғандықтан ол көп адам санын қажет етпейді және ондағы жұмыс ауырлығы жеңіл болып саналады. Жұмысшылар 1 сменада 12 сағат жұмыс жасайтын болады.

#### Микроклимат

Қосалқы станция еліміздің оңтүстік өңірінде орналасқан. Алматы климаты континенттік. Ең ыстық айлар – Шілде Тамыз. Ең суық ай – Қаңтар. Орташа жылдық температурасы 10°C кұрайды қаңтардың орташа температурасы шамамен -4.7°C ал шілдеде +23.8°C. Үсіктер қараша айында басталып сәуірде аяқталады. Қатты аяздар 67 күн болады — желтоқсаның 19-і басталып ақпанның 23-і аяқталады. Ыстық күндер температурасы 30°C дейін – 36 күн болады. Жылда 600-650 мм жауын-шашын болады. 15 күн Алматыда жиі-жиі жел соғады (15 м/с). 50-70 күн тұман болады. Алматыда қыс мезгілінде жаңбыр жаууы мүмкін.

#### Табиғи және жасанды жарықтандыру

Біздің қосалқы станцияның жарықтану түрі табиғи және жасанды жарықты пайдаланады. Себебі қосалқы станциямыздың айырғыштары ажыратқыштары трансформаторлары ашық жерде орналасқан ал тарату құрылғы ұяшықтары және басқару орындары жабық бөлмеде орналасады. Ашық тарату құрылғылары күндіз күн жарығымен жарықталып түнде 4 ДРЛ шамдарымен жарықтанатын болады. Ал жабық тарату құрылғыларының жарықтануына келетін болсақ оларды күндіз де түнде де люминесценттік лампалар жарықтандыратын болады.

#### Өрт және электр қауіпсіздігі

Өрт қауіпсіздігі Қазақстан Республикасында белгіленген талаптарына сәйкес орындалған. Өртсөндіргіштер қызметкерлерге көрнекті және оңай жетімді жерде орналасуы тиіс. Және апаттық жағдайда тез арада бөлмеден шығу жолдары көрсетілген бөлме схамасы болуы керек.

Электр қауіпсіздігі дегеніміз – ол электромагниттік өрістің статикалық электрленудің электрлік доға мен электр тоғының зиянды және қауіпті әсерінен адамдарды қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырылған және техникалық жұмыстар мен шаралардың жүйесі.

Егер адамның екі нүктесі арасында потенциалдар айырмасы болса онда адам денесі арқылы электр тоғы жүреді. Адам бір уақытта жанасқан екі нүктелік тоқ тізбегі арасындағы кернеу -жанасу кернеуі деп аталады.

Дене арқылы жүретін электр тоқ адамға жылулық биологиялық және электролиттік әсер етеді.

Тоқтың жылулық әсері электр энергиясының жылуға айналуында сезіледі және ол терінің тканның және қан тамырларының қызуын тудырады.

Тоқтың биологиялық әсері тоқтың бұлшық еттер арқылы жүруінде оның қысқаруын тудырады.

Тоқтың электролиттік әсері қан құрамының өзгеруіне алып келеді.

Электр тоғына түсіп қалғанда төмендегі зақымдалулар болуы мүмкін:

- күйіп қалу терінің металдануы электр белгілері электроофтальмия электр соққысы механикалық зақымдалулар:

- электр күйігі электр тоғының жылулық әсерінде пайда болады.

Электр доғасының әсері нәтижесінде пайда болатын күйік өте қауіпті болып табылады өйткені оның температурасы  $+3000-6000^{\circ}\text{C}$  аралығында болады;

- терінің металдануы электр тоғының әсерінен металдың майда бөлікшелері теріге сіңуі нәтижесінде болады. Соның нәтижесінде терінің электр өтімділігі жоғарылайды яғни оның кедергісі күрт төмендейді.

Электр белгілері деп тоқ жүретін бөліктермен тығыз байланыста болғанда яғни оны қысып ұстағанда теріде сұр немесе ақшыл – сары түсті дақтың қалуын айтамыз. Электроофтальмия дегенде электр доғасының ультрафиолеттік сәулесі әсерінен көздің сыртқы қабатының зақымдалуын түсінеміз. Электр соққысы болғанда адам организмі жалпы зақымданады яғни нерв және жүрек тамырларының бұзылуы бұлшық еттерінің тырысуы пайда болады. Механикалық зақымдалулар (тканның бөлшектенуі сынықтар) адам бұлшық еттерінің тырысуы және де электр тоғының әсерінен төбеден құлау нәтижесінде болады.

Шу көздері

Шу деп түрлі жиіліктегі және қуатты дыбыстардың шым-шытырық қозғалысын айтады. Дыбыс үнемі газды сұйық және нығыз толқын түрінде тараған тербелмелі қозғалыстан тұрады. Газды сұйық немесе нығыз орта болғанда ғана дыбыс адамдардың құлағына естіледі. Шу және дірілмен күресуді өнеркәсіпті жұмыс орнын жабдықтарды жобалау барысында қарастыру керек. Бұл үшін ұйымдастырушылық техникалық және медико-профилактикалық шаралар қолданылады. Ұйымдастырушылық шараларға өндірістік бөлімдердің жабдықтар мен жұмыс орындарының рационалды орналастыру жұмысшылардың еңбегі мен дем алысын үнемі бақылау жабдықтарды және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес жұмыс орындарын қолдануды шектеу. Біздің қосалқы стансамыздағы жабық тарату құрылғысында шудың көзі электронды аппараттарды қызуынан сақтайтын желдеткіштерден болуы мүмкін. Оның шу нормадағы талаптарға сай келеді және уақытылы шаң тозаңнан тазартылып тұрады. Ал ашық тарату құрылғысында шу көзі трансформатор болады. Қосалқы станса жаңадан және де соңғы техникалармен қамтамасыз етілгендіктен трансформатор барлық талаптарға еркін жауап бере алады.



Сурет 4.1 Бөлме жоспары

#### 4.2 Жасанды жарықтандыру жүйесін есептеу

Жұмыс орнын жарықтандыру – қолайлы еңбек жағдайларын жасаудың маңызды факторы. Табиғи жарық ( күн сәулесі ) тәуліктің күндізгі уақыты және ол ғимараттардың терезе шатыр ойықтарынан түседі. Жасанды жарық үшін жасанды сәуле шығаратын қондырғылар пайдаланылады. Жасанды жарық түнгі еңбекті күндізгі еңбекке жақындату үшін аса қажетті фактор болып табылады. Жарықтың жеткіліксіз жағдайы адам ағзасына ынталылық сезімін азайтады.

Қосалқы станса бөлмесіне жасанды жарықтандыруды жүргізу үшін пайдалану коэффициенті тәсілі арқылы есеп жүргіземіз. Жалпы есептеудің екі тәсілі бар: пайдалану коэффициент тәсілі және нүктелік тәсіл. Пайдалану коэффициент тәсілі арқылы жатық беттерді біркелкі жалпы жарықтандыруды есептейді. Нүктелік әдіс арқылы жалпы локалды және жалпы біркелкі жарықтандыруды есептейді.


Жасанды жарықтандыру өндірісте адамдардың моральды және физикалық жағдайына еңбек өнімділігіне өнім сапасына еңбек қарқындылығына үлкен ықпалын тигізеді.

Кесте 4.1 – Берілгені

| Бөлме                  | Қосалқы станция |
|------------------------|-----------------|
| Өлшемі                 | 10x6x4          |
| Шам түрі               | ЛСП01           |
| Шам саны               | 6               |
| Көру жұмысының разряды | IV в            |
| Шағылу коэффициенттері |                 |
| $\rho_{\text{пот}}$    | 50              |
| $\rho_{\text{ст}}$     | 50              |
| $\rho_{\text{пол}}$    | 10              |

Пайдалану коэффициент тәсілі

Қарастырылатын тәсіл есептік бетке түсетін жарықтық ағын қатынасына тең  $\eta$  коэффициент мәнін анықтау болып табылады.



Сурет 4.2 ЛСП01-2x58 типті люминесценттік лампасы

Практикада  $\eta$  шамасын бөлменің геометриялық көрсеткіштерін (бөлме көрсеткіші  $i$  оның оптикалық сипаттамаларымен (төбенің қабырғаның еденнің шағылу коэффициентімен  $\rho_{\text{пот}}$   $\rho_{\text{ст}}$   $\rho_{\text{пол}}$ ) байланыстыратын кестеден анықтайды

$$\Phi = \frac{E \cdot S \cdot K \cdot Z}{N \cdot \eta}, \text{ лк} \quad (4.1)$$



мұнда E- минималды жарықтандыру;

$K_3$ - қор коэффициенті;  $K_3=15$ ; (Ә. 2 1.10-кесте)

S-жарық түсетін аудан $m^2$ ;  $S=A*B=75*6=45m^2$ ;

Z- жарық бірқалыпсыз коэффициенті;  $Z=1.1 \div 1.2$ ;

N- жарық шам саны;

$\eta$ -жарық ағынын пайдалану коэффициенті: оны жұмыс орнының индексі арқылы табамыз.

$$i = \frac{S}{Nec \cdot (A + B)} \quad (4.2)$$

мұнда АВ- жұмыс орнының ұзындығы мен енім.

h- жұмыс орны бетінен жарық шамының аспа биіктігі м;

$H_{ec}=H-(h_{ш}+h_{ec})$

$H_{ec}$  – жұмыс кеңістігінен шамдалдың іліну м.

H – бөлме биіктігі м.

$h_{ш}$  – шамдалдың іліну биіктігі м.

$h_{ec}$ - еденнен жұмыс істеу кеңістігіне дейінгі м.

Менің таңдауым бойынша  $h_{шбер}=0$  м  $h_{ед}=0$  м.

$h_{ш} = h_{шбер} + h_{ед} = 0 + 0 = 0$  м  $h_{шбер}$  – шамдалдың биіктігі м

$h_{ед}$  – еденнен биіктік м

$H_{ec}=4-(0+0)=4$  м.

$$i = \frac{45}{3,4 \cdot (7,5 + 6)} = 0,98$$

бұдан  $\eta=0,40$  тең (Кнорринг.табл.5-18. 143-бет).

Бір шам үшін жарық ағыны:

$$\Phi_{л} = \frac{400 \cdot 45 \cdot 1,5 \cdot 1,1}{6 \cdot 0,4} = 12375 \text{ лм} .$$


Шамның жарық ағынының ауытқуы -10...+20% пайыз аралығында болуы керек. Сол себепті ауытқуды есептейміз:

$$\frac{\Phi - \Phi_{л}}{\Phi_{л}} \cdot 100\% = \frac{12700 - 12375}{12700} \cdot 100\% = 2,6\% .$$

$\Phi=12375$  лм болғандықтан оған жақын мәнді аламыз ол  $\Phi=12700$  лм. ЛСП01-2x58 люминесценттік лампасын қоямыз. Қателік  $-10 \leq \Delta F \leq 20$  интервал арасында жатқасын жарықтану жақсы болады.

Жарық шамның санын анықтаймыз:


$$N = \frac{E \cdot S \cdot K_3 \cdot Z}{F \cdot \eta} = \frac{400 \cdot 45 \cdot 1,5 \cdot 1,1}{12700 \cdot 0,4} = 5,85 \approx 6 \text{ дана.} \quad (4.3)$$



Сурет 4.3 Жарық шамдарын орналастыру сұлбасы.

#### 4.3 Табиғи жарықтандыру жүйесін есептеу

Әрдайым адамдар жұмыс істеп жүретін бөлме табиғи жарықталған болу керек. Жаңа бөлмелерді жобалау ескілерін қайта ретке келтіру кезінде табиғи жарықтандыруды есептеу үшін: СНиП РК 2.04-05-2002 "Естественное и искусственное освещение. Нормы проектирования." – талаптарына сай нормаланған КЕО мәндерімен қамтамасыз ететін жарық сәулелері өту жолдарының ауданын анықтау қажет.



Сурет 4.4 - Бөлменің терезе орналасатын жері көрсетілген жоспары

Есептеуді ең алдымен бүйірлік және төбеден жарықтандыру кезінде жарық сәулелері өту жолдарының ауданын келесі формулалар арқылы табу бойынша бастаймыз:

Бүйірден жарықтандыру кезінде:

$$100 \cdot \frac{S_0}{S_n} = \frac{e_H \cdot K_3 \cdot \eta_0}{\tau_0 \cdot r_1} \cdot K_{30}. \quad (4.4)$$

Төбеден жарықтандыру кезінде:

$$100 \cdot \frac{S_0}{S_n} = \frac{e_H \cdot K_3 \cdot \eta_\phi}{\tau_0 \cdot r_2 \cdot K_\phi} \quad (4.5)$$

мұндағы  $S_0$  - бүйірлік жарықтандыру кезіндегі жарық сәулесі өту жолдары  $m^2$

$S_n$  - бөлме еденінің ауданы  $m^2$

$e_H$  - нормаланған КЕО мәні :  $e_H = 1,5\%$

$K_3$  - қосалқы коэффициенті 3.11 кестесі бойынша таңдайды

("Методические указания для выполнению расчетов по безопасности жизнедеятельности" - келесіде де осы кітаптан алынған ақпаратпен есептеулер жүргіздім);

$\eta_0$  - терезелердің жарық сипаттамасы 3.2 кестесі бойынша таңдайды;

$$S_n = 7,5 \cdot 6 = 45 \text{ м}^2;$$

$$K_3 = 1,4; \eta_0 = 17; r_1 = 1,2; K_{30} = 1;$$

$$S_0 = \frac{e_H \cdot K_3 \cdot \eta_0 \cdot S_n}{\tau_0 \cdot r_1 \cdot 100} \cdot K_{30} = \frac{1,2 \cdot 1,4 \cdot 17 \cdot 45}{0,448 \cdot 1,2 \cdot 100} \cdot 1 = 24 \text{ м}^2$$

$\tau_0$  - жалпы жарық өткізу коэффициенті келесі формуламен табылады:

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \cdot \tau_5 \quad (4.6)$$

мұнда  $\tau_1, \tau_2, \tau_4$  -коэффициенттерін сәйкесінше 3.3; 3.4; 3.6-кестелерінен аламыз;

$r_1$  - бөлменің төбесі және жерге төселген қабаттан жарықтың шағылуының арқасында бүйірлік жарықтандыру кезінде КЕО мәнінің өсуін есепке алатын коэффициент 3.9-кестесінен аламыз;

$K_{30}$  - қарсылас орналасқан ғимараттардың салдарынан терезелерге көлеңке түсуді есепке алатын коэффициент 3.8-кестеден аламыз;

$S_{\phi}$  - төбеден жарықтандыру кезіндегі жарық өту жолдарының аудандары  $m^2$

$\eta_{\phi}$  - шамның немесе жарық өту жолының түсетін аумағының жарық сипаттамасы 3.10-кестесінен аламыз;

$r_2$  - бөлменің төбесінен жарықтың шағылуының арқасында төбелік жарықтандыру кезінде КЕО мәнінің өсуін есепке алатын коэффициент 3.11-кестесінен аламыз.

$$\tau_3 = 1 \quad \tau_5 = 1;$$

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4 \cdot \tau_5 = 0,8 \cdot 0,7 \cdot 1 \cdot 0,8 \cdot 1 = 0,448;$$

$K_{\phi}$  - шамның түрін есепке алатын коэффициент 3.7-кестеден аламыз;

$$e_N = e_H \cdot m_N \quad (4.7)$$

мұнда  $e_N$  - нормаланған КЕО мәні

$m_N$  - жарық климатының коэффициенті 3.1-кестеден аламыз;

$$e_N = e_H \cdot m_N = 1,5 \cdot 0,8 = 1,2.$$

Сонымен қабырғадағы терезеден қажетті жарық өту жолының ауданы  $S_0 = 24m^2$ . Мен бұл жерге өлшемі 3x2 м болатын терезенің төртеуін алдым сонда:

$$S_0 = 3 \cdot 2 \cdot 4 = 24m^2.$$

#### **4.4. Қосалқы стансадағы шудың деңгейіне акустикалық есеп жүргізу.**

*Шудан қорғау. Шудың адам организміне әсері*


Шудың адам организміне ұзақ уақыт әсер етуі бірнеше қолайсыз жағдайлардың пайда болуына әкеледі: көру есту мүшелерінің жұмысы төмендеп қан қысымы көтеріледі.

Шумен күресудегі ең негізгі шаралары бұл – үш негізгі бағытта жүзеге асырылатын техникалық шаралар:

- шудың пайда болу себебін немесе оның көзінің шуын азайту шаралары;
- беру жолдарының шуын азайту;
- қосалқы стансадағы жұмысшыларды қорғау.

Шуды азайтудың негізгі құралы бұл – шуды көп шығаратын технологиялық құбылыстарды аз шулы немесе мүлде шу шығармайтын құбылыстарға ауыстыру.

Қосалқы станциялардағы шу көзі ретінде релелік шкафтар қарастырылады. Шу көзі мен есептік нүкте орналасуы 5.5-суретте көрсетілген. Есептік шу көзі 4 нүкте. Бірінші шу көзі есептік нүктеден 2м қашықтықта орналасқан екінші шу көзі нүктеден 15м қашықтықта орналасқан үшінші шу көзі нүктеден 4 м қашықтықта орналасқан төртінші шу көзі нүктеден 6 м қашықтықта орналасқан. Бөлме көлемі  $60 \text{ м}^3$  шу көзінің ең үлкен ұзындығы  $l_{\text{max}} = 15 \text{ м}$  В/С қатынасы – 06.



4.5 сурет - Шу көзінің орналасу схемасы.

Кесте 4.1 - Шу көзінің дыбыс қуатының деңгейі

| Өлшемі дБ | Октавты жолағының ортагеометриялық жиілігі Гц |     |     |     |      |      |      |      |
|-----------|---|-----|-----|-----|------|------|------|------|
|           | 63  | 125 | 250 | 500 | 1000 | 2000 | 4000 | 8000 |
| $L_p$     | 99  | 92  | 86  | 83  | 80   | 78   | 76   | 74   |

Шу көздері еден бетінде орналасқандықтан:

$$S = \pi \cdot r^2 \text{ м}^2; \quad (4.8)$$

$$S_1 = 314 \cdot 2^2 = 1256 \text{ м}^2;$$

$$S_2 = 314 \cdot 15^2 = 706 \text{ м}^2;$$

$$S_3 = 314 \cdot 4^2 = 5024 \text{ м}^2;$$

$$S_4 = 314 \cdot 6^2 = 11304 \text{ м}^2.$$

Егер  $\frac{r_1}{l_{\max}} = \frac{2}{1,5} = 1,33$  онда  $\chi=1,5$ ;  $\frac{r_2}{l_{\max}} = \frac{1,5}{1,5} = 1$  онда  $\chi=2$ ;

$$\frac{r_3}{l_{\max}} = \frac{4}{1,5} = 2,67 \text{ онда } \chi=1; \quad \frac{r_4}{l_{\max}} = \frac{6}{1,5} = 4 \text{ онда } \chi=1.$$

мұнда  $\Psi$  –  $V/S_{\text{огр}}$  қатынасынан сызбақтан анықталатын қоршау беттерін есепке алатын еселеуіш біздің жағдайда  $V/S_{\text{огр}} = 0.6$  болғанда  $\Psi = 0,63$ ;

$B$  – бөлме тұрақтысы  $\text{м}^2$ :

$$B = B_{1000} \cdot \mu \tag{4.9}$$

мұндағы  $B_{1000}$  – 1000Гц ортагеометриялық жиіліктегі бөлменің түрі мен көлеміне байланысты бөлме тұрақтысы  $\text{м}^2$ .

$\mu$  - жиіліктік көбейткіш.

Біздің бөлmemіз үшін:

$$B_{1000} = \frac{V}{20} \tag{4.10}$$

мұндағы:  $V$  – бөлме көлемі.

$$B_{1000} = \frac{60}{20} = 3.$$

Кесте 4.2 – Жиіліктік көбейткіштің мәні

|           |      |     |      |      |      |       |       |      |
|-----------|------|-----|------|------|------|-------|-------|------|
| f Гц      | 63   | 125 | 250  | 500  | 1000 | 2000  | 4000  | 8000 |
| $V < 200$ | 08   | 075 | 07   | 08   | 1    | 14    | 18    | 2.5  |
| $V$       | 5.76 | 5.4 | 5.04 | 5.76 | 7.2  | 10.08 | 12.96 | 18   |

$$\Delta i = 10^{0,1 \cdot Lp_i} \tag{4.11}$$

мұндағы  $L_{p_i}$  – шу көзінің тудыратын дыбыстық қуатының деңгейі дБ

Кесте 4.3 – Дыбыстық қысымның деңгейі

|              |                   |                   |                 |                 |                |                 |                 |                 |
|--------------|-------------------|-------------------|-----------------|-----------------|----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| f Гц         | 63                | 125               | 250             | 500             | 1000           | 2000            | 4000            | 8000            |
| $L_{p_i}$ дБ | 100               | 103               | 99              | 95              | 97             | 98              | 85              | 82              |
| $\Delta_i$   | $1 \cdot 10^{10}$ | $2 \cdot 10^{10}$ | $79 \cdot 10^9$ | $32 \cdot 10^9$ | $5 \cdot 10^9$ | $63 \cdot 10^9$ | $32 \cdot 10^8$ | $16 \cdot 10^8$ |

Әрі қарай алынған мәндердің көмегімен есептік нүктедегі дыбыстық қысымның деңгейін анықтаймыз:

$$L = 10 \lg \left( \sum_{i=1}^m \frac{\Delta_i \cdot K_i \cdot \Phi_i}{S_i} + \frac{4\Psi}{B} \cdot \sum_{i=1}^n \Delta_i \right); \quad (4.12)$$

$$L = 10 \cdot \lg \left( \frac{1 \cdot 10^{10} \cdot 1,5 \cdot 1}{12,56} + \frac{4 \cdot 0,67}{5,76} \cdot 1 \cdot 10^{10} \cdot 1 \right) = 98.$$

Кесте 4.4 - 1-ші нүкте үшін дыбыстық қысым деңгейі

| f Гц | $\Delta_i$  | L     |
|------|-------------|-------|
| 63   | 10000000000 | 98    |
| 125  | 19952623150 | 10089 |
| 250  | 7943282347  | 9714  |
| 500  | 316227660   | 8267  |
| 1000 | 5011872336  | 9392  |
| 2000 | 6309573445  | 9386  |
| 4000 | 316227766   | 8014  |
| 8000 | 158493192   | 6629  |

Кесте 4.5 - 2-ші нүкте үшін дыбыстық қысым деңгейі

| f Гц | $\Delta_i$  | L     |
|------|-------------|-------|
| 63   | 10000000000 | 99    |
| 125  | 19952623150 | 10191 |
| 250  | 7943282347  | 9810  |
| 500  | 316227660   | 8373  |
| 1000 | 5011872336  | 9516  |

|      |            |      |
|------|------------|------|
| 2000 | 6309573445 | 9538 |
| 4000 | 316227766  | 8189 |
| 8000 | 158493192  | 6834 |

Кесте 4.6 - 3-ші нүкте үшін дыбыстық қысым деңгейі

| f Гц | $\Delta_i$  | L     |
|------|-------------|-------|
| 63   | 10000000000 | 97    |
| 125  | 19952623150 | 10013 |
| 250  | 7943282347  | 9642  |
| 500  | 316227660   | 8186  |
| 1000 | 5011872336  | 9293  |
| 2000 | 6309573445  | 9256  |
| 4000 | 316227766   | 7855  |
| 8000 | 158493192   | 6427  |

Кесте 4.7 - 4-ші нүкте үшін дыбыстық қысым деңгейі

| f Гц | $\Delta_i$  | L     |
|------|-------------|-------|
| 63   | 10000000000 | 97    |
| 125  | 19952623150 | 10003 |
| 250  | 7943282347  | 9633  |
| 500  | 316227660   | 8176  |
| 1000 | 5011872336  | 9281  |
| 2000 | 6309573445  | 9239  |
| 4000 | 316227766   | 7834  |
| 8000 | 158493192   | 6398  |

Қосалқы стансадағы шу деңгейдің қосындысын есептеу.

$$L_1 = 97 \text{ дБ}; L_2 = 99 \text{ дБ}; L_3 = 97 \text{ дБ}; L_4 = 97 \text{ дБ}.$$

$L_1$  мен  $L_2$  қосамыз. Айырмасы 1 дБ 25 дБ қосылады:

$$L_{\text{сум1}} = 99 + 2,5 = 101,5 \text{ дБ}.$$

$L_{\text{сум1}}$  мен  $L_3$  қосамыз. Айырмасы 45 дБ 12 дБ қосылады:

$$L_{\text{сум2}} = 101,5 + 1,2 = 102,7 \text{ дБ}.$$



$L_{\text{сум}2}$  мен  $L_3$  қосамыз. Айырмасы 57 дБ 11 дБ қосылады:

$$L_{\text{сум}3} = 102,7 + 1,1 = 103,8 \text{ дБ.}$$

## 5. Экономикалық бөлім

### 110/10 кВ «Қосалқы станса № 7» салуды технико-экономикалық негіздеу

#### 5.1 Жобаны жасаудың мақсаты.

1. 110/10 кВ «Қосалқы станса № 7» салудың экономикалық жағынан заманауи техникалық базада құру тиімді екенін дәлелдеу;
2. Қосалқы станса Республикамыздың оңтүстігінде орналастыру сол аймаққа сенімді әрі сапалы электр энергиясын жеткізу;
3. Қосалқы стансаның сату көлемі тауар сапасы баға деңгейі және орташа табысы бойынша бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Қосалқы стансаны тұрғын үйлер қоныстанған аумағынан алыс аймаққа орналастыру және оның электр энергиясын тасымалдау желілерінің тіректерін темірбетоннан жасау арқылы оның эксплуатациялық шығынын азайту көзделіп отыр. Өз тұтынушыларын толығымен электр энергиясымен кез-келген жағдайда қамтамасыз ету қиын болатындықтан келешекте қосалқы стансаны жахандандыру(модернизация) көлемін кеңейту және үлкен кернеудегі ЭБЖ-мен байланыстыру жобасы қаралатын болады. Қосалқы стансаның басты қызметі – тұтынушыларды электр энергиясымен сенімді және үздіксіз қамтамасыз ету.

Қосалқы стансаны модернизациялаудың арқасында келесідей мақсаттарға қол жеткізіледі:

1. Электр энергиясымен қамтамасыз ету сенімділігін және тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру;
2. Электр қондырғыларды заманауи жаңа технологиямен жабдықтау және жөндеуге кететін шығындар көлемін азайту;
3. Тасымалдау барысында электр энергиясының шығынын мейлінше азайту үшін 220 кВ желілерді 500кВ-тық желілермен алмастыру;
4. Қосалқы стансалар санын көбейту және өзара стансалар арақашықтықтарын азайту;

#### *Нарықты талдау*

Республикамыздың Оңтүстік бөлігі электр энергиясына тапшы аймақ болып табылады. Ал солтүстік бөлігі керісінше электр энергиясы үлкен көлемде артығымен өндіріледі. Оңтүстік бөлік өз қажеттілігін Орта Азия елдерінен электр энергиясын импорттау арқылы жабады. Басқа елге бағыныштылықты жою үшін Солтүстік электр жүйелерінен Оңтүстік электр жүйелеріне қарай ЭБЖ тарту жобасын қарастырылу көзделуде.

Сонымен қатар тұтынушылардың санын арттыруына байланысты қосалқы стансаны болашақта жаңарту тиімді.

Қаржылық-экономикалық бағаның барлық көрсеткіштері теңгемен алынған.

### *Электр энергиясының тарифі*

Алматы қаласындағы электр энергиясы 2014 жылдың қаңтар айындағы тарифіне сәйкес 1621 теңге/кВт·сағ құрайды. Қосалқы стансаның баға түрлену механизімін және оның құрамаларын қарастырайық:

- электр стансасынан электр энергияны сатып алу (637 теңге/кВт·сағ);
- КЕГОК ҰЭТ тарифі (19 теңге/кВт·сағ);
- «АЖК» тарифі (527 теңге/кВт·сағ);
- «Б&К» АҚ жеке тарифі (07591 теңге/кВт·сағ).

### *Өндіріс жоспары*

№7 қосалқы стансаның құрылыстық нормативтерге сәйкес 12 ай ішінде салынып бітеді.

Қосалқы стансаның жүктелу коэффициенті  $K_3=07$  қуат коэффициенті  $\cos\alpha=08$  өзіндік мұқтаждық трансформаторлардың қуаттарының 10 пайызын құрайды жобаланып отырған қосалқы стансаның максималды жүктелу уақыты 5500 сағат.

### *Ұйымдастыру жоспары*

Қосалқы станса заманауи автоматтандырылған электр қондырғыларымен жабдықталған электр тоғымен жұмыс істеу барысында жоғары сенімділікті қамтамасыз етеді.

Электр энергиясы кәсіпорынның негізгі тауары болып табылады. Электр қондырғыларын орнату жөндеу тексеру және ремонтты яғни арматураларды орнату және тоқ сымдарын жалғау жұмыстарын кәсіпорын қызметкерлері яғни арнайы мамандырылған жұмысшылар іске асырады.

### *Заңдық жоспар*

Энергетикалық объектідегі эксплуатациялық ремонт және құрылыс жұмыстарын жасау үшін потенциалдық инвесторлар көмегі керек болады.

Қазақстанның "БТА" банкінен 10% бар несие алынады.

### *Экологиялық ақпарат*

Қосалқы станса экологиялық жағдайы бойынша барлық санитарлық талаптарға сай келеді.

### *Инвестициялық жоспар*

110/35/10 кВ 2x25 МВА №7 қосалқы стансасының релелік қорғанысы және автоматты іске қосылу резерві қарастырылған. Бұл қосалқы станса төрт энергия жүйесінен қоректенеді және төменгі кернеу жағынан жергілікті тұтынушыларға 8 фидер шығып жатыр. Осы нұсқаға қажетті инвестицияны анықтаймыз. 2014 жылы 1 МВА энергия құны шамамен 355 млн.тенге құрайды. Сондықтан қуаты 50 МВА болатын қосалқы стансаның құны:

$$K = S \cdot C_{\text{мва}}, \text{ млн ш. б.}$$

мұндағы S – екі трансформатордың толық қуаты МВА;

$C_{\text{МВА}}$  – 1 МВА энергия құны ш.б.

$$K = 50 \cdot 35,5 = 1775 \text{ млн.тенге.}$$

$$\Sigma K = K_0 + K_c + K_m + K_{пр} \quad (5.1)$$

мұндағы  $K_0$  - қондырғылар сатып алуға кететін ақша жұмсау қаражаты  $\Sigma K$ -ның 53 %-ын құрайды;

$K_c$  - құрылыс жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты  $\Sigma K$ -ның 30 %-ын құрайды;

$K_m$  - монтаждау және іске қосу баптау жұмыстарына кететін ақша жұмсау қаражаты  $\Sigma K$ -ның 11 %-ын құрайды;

$K_{пр}$  - басқа да шығындарға кететін ақша жұмсау қаражаты  $\Sigma K$ -ның 6%-ын құрайды.

Қондырғылар сатып алуға кететін қаражат

$$K_0 = (1775 \cdot 53) / 100 = 94075 \text{ млн.тг.}$$

Бұл мәнді (6.1) формулаға қойып есептесек

$$\Sigma K = 94075 + 5325 + 19525 + 1065 = 1775 \text{ млн.тг.}$$

Зауыттың қосалқы стансасында қуаты 25 МВА екі трансформатор орнатылған. Сонда толық қуатымыз  $S = 50$  МВА болады.  $\cos \varphi = 0,8$  деп аламыз. Сонда:

$$P = S \cdot \cos \varphi, \text{ MBm};$$

$$P = 50 \cdot 0,8 = 40 \text{ MBm},$$

мұндағы  $\cos \varphi$  – активті қуат коэффициенті.

Максимумды қолдану уақыты  $T_m = 5500$  сағат. Осыдан:

$$W = P \cdot T_m, \text{ мың кВт} \cdot \text{сағ};$$

$$W = 40 \cdot 5500 = 220000 \text{ мың кВт} \cdot \text{сағ.}$$

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ онда төмендегідей анықтауға болады:

$$Z_{амп} = K \cdot \frac{h_0}{100} \quad (5.2)$$

мұндағы  $Z_{амр}$  – амортизациялық аударылымдар сомасы млн теңге;  
 $K$  – негізгі қорлар құны млн теңге;  
 $h_0$  – амортизациялық аударымдар нормасы %.  
Амортизациялық аударымдар нормасын 6% деп қабылдаймыз.

$$Z_{амр} = 1775 \cdot \frac{6}{100} = 106,5 \text{ млн теңге.}$$

Амортизациялық аударылымдар нормасы негізгі қорлардың нысандарының әрқайсысы үшін олардың нормативтік қызмет ету мерзімдеріне байланысты орнатылады.

Кәсіпорынның кейбір негізгі қорларына амортизациялық аударылымдар нормасы келтіріледі.

Негізгі қорлардың нысанның амортизацияланып бітпеген бөлігінің құны тозу мен моральдық тозу салдарынан нысан нормативтік мерзімнен ерте істен шығарылып тасталған кезде пайда болады. Ликвидациялық құн өндірістен шығарылатын нысанның оны сатып жібергеннен түскен қаржыны білдіреді.

Өндірістің тиімділігі негізі қорлардың ғылыми-техникалық деңгейіне байланысты ғана емес сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкестігі және оларды өндірістік үрдісте толық қуатында пайдалануына да байланысты болады.

Эксплуатациялық шығындарды анықтайық. Амортизация жұмыстарына кеткен шығындарды есептейік.

Электр қондырғыларының физикалық немесе моральді тозуына байланысты олардың тозуына кеткен шығындардың орнын толтыру үшін электр қондырғыларының құнының бөлігінен ақша бөлінеді. Бұл бөлінетін ақша амортизациялық шығын деп аталады. Ол барлық шығынның 56%-ын құрайды.

Шығынның қалған 44%-ын келесілер құрайды:

1. Иссапар шығындары.

Иссапар шығындары дұрыс толтырылған құжаттарға сай жол жүру тәуліктік және пәтер шығындарынан тұрады;

2. Кеңсе шығындары.

Әр ай сайын немесе әр тоқсан сайын барлық бөлімдерде кеңсе тауарларының қажеттілігі туындайды. Кеңсе шығындары осы қажеттіліктерді қосып шығу арқылы анықталады;

3. Еңбек қорғанысы.

Еңбек қорғанысының талаптарына байланысты кез-келген компанияда арнайы жұмыс киімдері аяқ-киімдері комплектілері болуы тиіс. Қажетті заттардың барлығын штаттық мамандықтар мен санына байланысты сатып алады;

4. Құрылғыларды тексеру.

Жұмыс және бастапқы эталондарды тексеру тиіс. Келісімшартқа сай бұл іспен арнайы ұйымдар айналысады;

5. Баспа шығындары.

Бұл шығындар әр түрлі есеп беру және күнде қолданатын бланктарды (журналдар карточкалар ведомость актілер нұсқаулар ережелер сұранымдар) сатып алудан құралады;

6. Экология бойынша шығындар.

Бұл шығындар компания көлігінің жанар-жағармай материалдарын қолданудан атмосфераға зиянды заттектердің шығарылу қоршаған ортаны қатты-тұрмыстық қалдықтармен ластау және т.б. шығындарды қамтиды;

7. Кадрларды дайындау.

Компания жұмысшылары біліктілікті көтеру үшін баратын ұйымдармен келісімшартқа тұруға кететін шығындардан құралады;

8. Сәтсіз оқиғалардан сақтандыру.

Қазақстан Республикасында сақтандыру міндетті болып табылады. Бұл жерде тек сақтандыру түрін таңдау керек;

9. Еңбекақы төлеу.

Өнеркәсіптік және әкімшілік қызметкерлер еңбекақысын төлеуден құралады;

10. Байланыс қызметін көрсету.

Бұл шығындарға телефон үшін абоненттік төлем қалааралық және халықаралық төлемдер жоғары жиілікті байланыс төлемдері кіреді;

11. Коммуналдық қызмет көрсету.

Бұл шығындар салқын су мен канализация қоқыс лақтыру жылу энергиясының бағаларын қамтиды;

12. Банк қызметі.

Барлық банктар өз қызметі үшін белгіленген пайыз мөлшерінде айналым сомасынан комиссиялық (еңбекақы іссапар есептік қағаздарен операциялар) төлемдер алады;

13. Есептеу және ұйымдастыру техникасының материалдары.

Картридж барабан тонер қосалқы бөлшектерді сатып алу кіреді;

14. Техникалық шығындардың орнын толтыруға қажет энергия.

Электр энергиясын тарату кезінде оның шығындалуы шарасыз сол себепті оны сметада есептейді;

15. Шаруашылыққа қажет энергия.

Бөлме монтер пунктін жылыту барлық ғимараттарды кәсіпорын бөлмелерін жөндеу базаларын және т.б. жарықтандыру шаруашылық қажеттіліктеріне жатады.

Шығынның қалған 44%-ын келесідей табамыз:

$$Z_{доп} = Z_{амр} \cdot \frac{56}{44} = \frac{106,5 \cdot 56}{44} = 135,545 \text{ млн тенге.}$$

Сонда толық шығын келесідей болады:

$$Z_{пол} = Z_{амр} + Z_{доп}, \text{ млн тенге;}$$

$$Z_{пол} = 106,5 + 135,545 = 242,045 \text{ млн тенге.}$$

Осыдан өзіндік құнды табуға болады:

$$S = \frac{Z_{пол}}{W}, \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{саг}};$$

$$S = \frac{242,045}{220} = 1,1 \approx 1 \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{саг}}.$$

Өзіндік құнға тағы 10% қосамыз өйткені табыс ескерілуі керек. Ол келесідей анықталады:

$$S = S \cdot 1,1 = 1 \cdot 1,1 = 1,1 \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{саг}}.$$

Жылдық кірісті анықтаймыз. Қосалқы станса арқылы кірістік налогты 20% құрайды деп аламыз:

$$\sum \Pi_{г} = W_{год} \cdot 0,1 \cdot S_{ПС} \cdot 0,8 \text{ млн тенге;}$$

$$\sum \Pi_{г} = 220 \cdot 0,1 \cdot 1,1 \cdot 0,8 = 1936 \text{ млн тенге.}$$

Алматы қаласындағы электр энергиясы 2014 жылдың қаңтар айындағы тарифіне сәйкес 1621 теңге/кВт·сағ құрайды. Қосалқы стансаның баға түрлену механизмі және оның құрамаларын қарастырайық:

- электр стансасынан электр энергияны сатып алу (637 теңге/кВт·сағ);
- КЕГОК ҰЭТ тарифі (19 теңге/кВт·сағ);
- «АЖК» тарифі (527 теңге/кВт·сағ);
- «Б&К» АҚ жеке тарифі (07591 теңге/кВт·сағ).

Электр энергияны тұтынушыларға 1621 теңге/кВт·сағ бағасымен сатқан кезде АҚ 19109 теңге/кВт·сағ көлемінде кіріс алады.

Кіріс салығын есептеген кездегі берілген түрдегі жылдық кіріс келесіні құрайды:

$$\sum \Pi_{\text{кп}} = W_{\text{год}} \cdot 19109 \cdot 08 = 220 \cdot 19109 \cdot 08 = 33632 \text{ млн теңге.}$$

Өнеркәсіптің екі түрінен де алынған суммалық кірісі келесіні құрайды:

$$\sum \Pi = \sum \Pi_{\text{кп}} + \sum \Pi_{\text{г}} = 3363184 + 1936 = 35568 \text{ млн теңге.}$$

NPV анықтау (таза әдеттегі құн)

Берілген әдіс келесіден тұрады:

1. Керекті шығын бағасы анықталады яғни берілген жоба үшін неше қаражат керек екені анықталады.

2. Жобадан келешекте түсетін ақшалай түсілімдердің қазіргі бағасы есептелінеді. Әр жылдағы табыс CF (кэш-флоу) қазіргі уақытта беріледі.

$$PV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n}, \quad (5.5)$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;

n – жобаны тарату жылдары;

r – банктің пайыздық қойымы.

Берілген шығын бағасы ( $I_0$ ) берілген табыс бағасымен салыстырылынады. Олардың айырымы жобаның таза әдеттегі құнының бағасын береді.

Берілген жобаны тұтастай инвестициялауды бағалауды таза әдеттегі құн (NPV) әдісімен жүргіземіз. Инвестиция анализінің осы әдісі инвестициялаушы жобаны ұсыну нәтижесінде фирманың құндылығының өсу шамасын көрсетеді ол екі сілтемеден тұрады:

1) Кез-келген өнеркәсіп өзінің нарықтық құнының өсуіне ұмтылады;

2) Әр түрлі уақыттағы шығындардың біркелкі емес құны болады.

NPV анықтау үшін жобаның әр жылдағы қаржы ағынының шамасын сараптау керек сосын оларды уақыт бойынша теңестіру үшін жалпы бөлімге келтіру керек. Яғни NPV – жобаны тарату барысында туындайтын ақша



түсімдерінің қосындысы мен осы жобаны тарату үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы арасындағы айырмашылық.

Таза келтірілген құн келесідей анықталады:

$$NPV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \quad (5.6)$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;  
 n – жобаны тарату жылдары;  
 I<sub>0</sub> – толық қосынды инвестиция;  
 r = 10% – банктің пайыздық қойымы.

Ақша ағымы келесі формуламен анықталады:

$$CF = \Pi_{\text{ч}} + I_{\text{ао}} \quad (5.7)$$

мұндағы Π<sub>ч</sub> - таза кіріс млн.тенге;  
 I<sub>ао</sub> – амортизациялық аударымдар млн.тенге.

$$CF = 355,6784 \cdot 10^6 + 106,5 \cdot 10^6 = 462,18 \text{ млн. тенге};$$

$$PV = 462,18 \cdot 0,91 = 420,584 \text{ млн.тенге};$$

$$NPV = -1775 + 420,584 = -1354,42 \text{ млн.тенге}.$$

К е с т е 5.1 - Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

| Жылдар | CF<br>млн теңге | 1/(1+r) <sup>n</sup> | NPV<br>млн теңге |
|--------|-----------------|----------------------|------------------|
| 0      | 1775            | 1                    | -1775            |
| 1      | 46218           | 091                  | -135442          |
| 2      | 46218           | 083                  | -97081           |
| 3      | 46218           | 075                  | -624175          |
| 4      | 46218           | 068                  | -309893          |
| 5      | 46218           | 062                  | -2334            |
| 6      | 46218           | 056                  | 235481           |

Есептеулер бойынша біздің салған инвестиция 6 жылдан кейін бізге пайда алып келеді.

$$PV = 462,18 \cdot 0,91 + 462,18 \cdot 0,83 + 462,18 \cdot 0,75 + 462,18 \cdot 0,68 + \\ + 462,18 \cdot 0,62 + 462,18 \cdot 0,56 = 2010,483 \text{ млн.тенге.}$$

Рентабелділік индексі - profitability index (PI) – таза дисконтталған пайданы инвестицияға бөлу арқылы анықталады.

Егер:

$PI > 1$  онда жобаны қабылдау керек;

$PI < 1$  онда қабылдаудың қажеті жоқ;

$PI = 1$  жоба пайда да және шығында әкелмейді.

Рентабелділік индексі таза дисконтталған құннан айырмашылығы салыстырмалы көрсеткіш болып саналады. Жобаларды таңдауда егер олардың NPV бірдей болған кезде PI қарап таңдауға болады.

$$PI = \sum_{t=1}^n \frac{PV / (1+r)^t}{K} = \frac{2010,483 / 0,56}{1775} = 2,02.$$

PP анықтау (орнын толтыру мерзімі)

Бұл әдіс бастапқы инвестиция сомасын төлеу үшін қажет мерзімді анықтау болып табылады. Орнын толтыру (PP) есебінің алгоритмі инвестициядан жекеленген кірісті бірдей таратумен тәуелді болады. Егер кіріс бірдей болса онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына бөлу арқылы есептеледі.

$$PP = \frac{I_0}{CF}; \quad (5.8)$$

$$PP = \frac{1775}{462,18} = 3,84 \text{ жыл.}$$

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бітіру жұмысында қосалқы станциясының релелік қорғанысы мен автоматты резервті қосылуының логикалық сұлбасын жасау. Дипломдық жобада қысқа тұйықталу тоқтарын есептеп алынған тоқтар бойынша негізгі электр құрылғыларын таңдадым. Қосалқы станцияда орналасқан трансформатордың тоқ үзіндісі максималды тоқ қорғанысы және дифференциалды қорғанысын есептедім.

110 кВ кернеулі желілердің үш сатылы дистанционды және үш сатылы нөл реттік қорғанысының есептері жүргізілді.

Кернеуі 110 кВ желіге НРТҚ сезімділігіне зерттеу жүргізілді.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде қосалқы станциядағы жалпы мәліметтер яғни орналасу аймағы қызметкерлер саны олардың жұмыс уақыты құрылыстың орналасуы жарықтандыру жүйелері және адам қауіпсіздігіне байланысты ақпараттар жазылған.

Жасанды жарықтандыру өндірісте адамдардың моральды және физикалық жағдайына еңбек өнімділігіне өнім сапасына еңбек қарқындылығына үлкен ықпалын тигізеді. Жасанды және табиғи жарықтандыру жүйесін қорытындылай келе жұмыс орнын жарықтандыру – қолайлы еңбек жағдайларын жасаумен бірге маңызды фактор болып табылады. Жасанды жарық үшін жасанды сәуле шығаратын қондырғылар пайдаланылатыны және ол түнгі еңбекті күндізгі еңбекке жақындату үшін аса қажетті фактор екені белгілі болды.

Шуды есептеу барысында мен дыбыс қысымының суммарлық деңгейінің рұқсат етілген деңгейден үлкен екенін көрдім. Оны төмендету үшін келесі іс-шараларды жасау керек:

- а) бөлменің жобасын жасағанда дыбыс оқшауламаларды қолдану керек;
- б) қондырғыларды оқшаулағыш материалдармен оқшаулау керек;
- г) аэродинамикалық шуды төмендету үшін дыбыс бастырушыларды қолдану керек.

Бітіру жұмысының экономикалық бөлімінде қосалқы станцияның электр энергиясын жеткізу қызметі қарастырылды. Бітіру жұмысында келесі бағдарламаларды қолдандым:

### 1. ElectronicsWorkbench

- а) Қондырғылар таңдау үшін қ.т.тоқтарын өлшеу үшін
- б) НРТҚ-ғы қ.т.тоқтарын өлшеу үшін
- в) Дистанционды қорғаныстағы тоқ таралу коэффициентін анықтау үшін
- г) Дифференциалды қорғаныстағы қ.т. тоқтарын өлшеу үшін

2. А1 форматта бес сызба жұмысын орындау үшін AutoCad бағдарламасын қолдандым.

3. Есептеу формулаларын жазу үшін MathCad бағдарламасын қолдандық.

4.Селективтік картасын жасау үшін Excel бағдарламасын пайдаландым.

## Қысқартулар тізімі


| Қысқарту | Толық атауы                                       |
|----------|---|
| ҚТ       | Қысқа тұйықталу                                   |
| ЖК       | Жоғары кернеу                                     |
| ОК       | Орта кернеу                                       |
| ТК       | Төмен кернеу                                      |
| ЖЭС      | Жылу электр стансасы                              |
| СЭС      | Су электр стансасы                                |
| ҚС       | Қосалқы станса                                    |
| ААҚ      | Ашық акционерлік қоғам                            |
| ТТ       | Ток трансформаторы                                |
| КТ       | Кернеу трансформаторы                             |
| ЭҚКЕ     | Электр қондырғыларын құру ережелері               |
| АРҚ      | Автоматты резервті қосу                           |
| АҚҚ      | Автоматтық қайталап қосу                          |
| АІҚРҚ    | Ажыратқыштың іске қосылмауын резервтейтін құрылғы |
| НРТҚ     | Нөлдік реттік ток қорғанысы                       |
| МТҚ      | Максимал ток қорғанысы                            |
| АТ       | Автотрансформатор                                 |
| РҚ       | Релелік қорғаныс                                  |
| ДҚ       | Дистанционды қорғаныс                             |
| ХЭҚ      | Халықаралық энергетикалық қауымдастық             |
| РАҚ      | Резервті автоматты қосылу                         |

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Рожкова Л. Д. Козулин В. С. Электрооборудование станций и подстанций: Учебник для техникумов. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат 1987. – 648 с.
2. Неклепаев Б. Н. Крючков И. П. Электрическая часть электростанций и подстанций: Справочные материалы для курсового и дипломного проектирования: Учеб. пособие для вузов. – 4-е изд. перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат 1989. – 608 с.
3. Справочник по проектированию элетроснабжения/Под ред. Ю. Г. Барыбина и др. – М.: Энергоатомиздат 1990. – 576 с.
4. Справочник по электроснабжению и электрооборудованию: В 2 т. Т. 1. Элетроснабжение/Под общ. ред. А. А. Федорова. – М.: Энергоатомиздат 1986. – 568 с.
5. Руководство по эксплуатации - Цифровой блок релейной защиты типа БМРЗ-100- ДИВГ.648228.024 РЭ
6. Справочник по электроснабжению и электрооборудованию: в 2 т./Под общ. ред. А. А. Федорова. Т. 2. Элетрооборудование. – М.: Энергоатомиздат 1987. – 592 с.
7. Электрическая часть электростанций. Под ред. С. В. Усова. Учебник для вузов. – Л. «Энергия» 1977.
8. Чернобровов Н. В. Семенов В. А. Релейная защита энергетических систем: Учеб. пособие для техникумов. Часть-1. – М.: Энергоатомиздат 1998. – 800 с.
9. Чернобровов Н. В. Семенов В. А. Релейная защита энергетических систем: Учеб. пособие для техникумов. Часть-2. – М.: Энергоатомиздат 1998. – 800 с.
10. Федосеев А. М. Федосеев М. А. Релейная защита электро-энергетических систем: Учеб. для вузов. – 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат 1992. – 528 с.
11. Авербух А. М. Релейная защита в задачах с решениями и примерами. – Л. «Энергия» 1975.
12. Шабад М. А. Расчеты релейной защиты и автоматики распределительных сетей. – 3-е изд. перераб. и доп. – Л.: Энергоатомиздат. Ленингр. Отд-ние 1985. – 296 с.
13. Руководящие указания по релейной защите. Вып. 11. Расчеты токов короткого замыкания для релейной защиты и системной автоматики в сетях 110 – 750 кВ. – М.: Энергия 1979. – 152 с.
14. Руководящие указания по релейной защите. Вып. 13Б. Релейная защита понижающих трансформаторов и автотрансформаторов 110 – 500 кВ: Расчеты. – М.: Энергоатомиздат 1985. – 96 с.
15. Руководящие указания по релейной защите. Вып. 2. Ступенчатая токовая защита нулевой последовательности от замыканий на землю линий 110 – 220 кВ. М. – Л. Госэнергоиздат 1961.–64 с.

16. Руководящие указания по релейной защите. Вып. 3. Защита шин 6–220 кВ. станций и подстанций М.–Л. Госэнергоиздат 1961.
17. Беркович М. А. и др. Автоматика энергосистем: Учеб. для техникумов/М. А. Беркович В. А. Гладышев В. А. Семенов. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат 1991. – 240 с.
18. Овчаренко Н. И. Автоматика электрических станций и электроэнергетических систем: Учебник для вузов/Под ред. А. Ф. Дьякова. – М.: Изд-во НЦ ЭНАС 2000. – 504 с.
19. Беркович М.А. и др. Автоматика энергосистем: Учеб. Для техникумов / М.А. Беркович В.А. Гладышев В.А. Семенов. – 3-е перераб. – М.: энергоатомиздат 1991. – 240 с.
20. Инструкция по оперативному обслуживанию протвоаврийной автоматики южной зоны ЕЭС Казахстана. – Алматы 2000.
21. Внешнее электроснабжение электрифицируемого участка Чу-Алматы Алматинской железной дороги. ВЛ 220 кВ Чу-Чокпар. Рабочий проект (3489). Противоаварийная автоматика. Пояснительная записка и чертежи 3489-310-16-тІ. – Алматы 1995.
22. Папаев С. Т. Охрана труда: Учебное пособие. – М.: Издательство стандартов 1988. – 240 с.
23. Дюсебаев М.К. Хакімжанов Т.Е. Адам өмірінің қауіпсіздігінің негізі. Дәрістер конспектсі. – Алматы: АЭЖБИ 2002.
24. Сулиева Н.Г. Сухарев В.Г. "Безопасность жизнедеятельности. Защита от производственного шума" – Методические указания к выполнению дипломного проекта. – А 1995.
25. СНИП 11-12-77. Защита от шума. - М 1978№
26. Долин П.А. Справочник по технике безопасности. /6-е изд. перераб. и доп./ - М.: Энергоатомиздат 1985.
27. Князевский Б.А. Охрана труда. /2-е изд. перераб. и доп./ - М.: Высш. Школа 1982.
28. Безопасность жизнедеятельности: Учебник для вузов/Белов С. В. Ильницкая А. В. Козьяков А.Ф. и др.; Под общ. ред. Белова С. В. – М.: Высш. Шк. 1999. – 488 с.
29. Райзберг Б.А. Рыночная экономика. – М.: Деловая жизнь 1995.
30. Г.Ж. Даукеев А.А. Жакупов К.К. Токтибахиев Б.И. Тузелбаев Методология формирования тарифов в секторе электроэнергетики Казахстана: состояние проблемы перспективы. - Энергетика и топливные ресурсы Казахстана. – 2000.– №2. – С.17-25
31. Закон Республики Казахстан «Об электроэнергетике». // Казахстанская правда 24 августа 1999.
32. Постановление Правительства Республики Казахстан № 1126 от 15 октября 2002 года «Об утверждении Программы совершенствования тарифной политики субъектов естественных монополий на 2002-2004 годы». Правила устройства электроустановок. 6-е изд. М.: Энергоатомиздат 1986.


## Қосымша А




Сурет 1 - Максимал режимдегі тура ретті орынбасу сұлбасы



Сурет 2 - Максимал режимдегі кері ретті орынбасу сұлбасы




Сурет 3 - Максималды режимдегі нөл ретті орынбасу сұлбасы




Сурет 4 - Л18-дегі бірфазалы қ.т.т.







Сурет 5 – Л18-дегі екі фазалы қ.т.т.




Сурет 6 – Л21-дегі бірфазалы қ.т.т.




Сурет 7 – Л21-дегі екіфазалы қ.т.т.



Сурет 8 – Л18-дегі бірфазалы қ.т.т.(потенциометр)



Сурет 9 – Л18-дегі екіфазалы қ.т.т.(потенциометр)



Сурет 10 – Л18-дегі бірфазалы Қ.Т.Т.